| | | |
|---|---|---|
| | **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ** | **Ф 017-1.113-2026** <br> **30.04.2026 ж.** |
| | Түсу емтиханының бағдарламасы <br> нормативтік құжат түрі | Бет. 1-15 |

**«БЕКІТЕМІН»**
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Қабылдау комиссиясының төрағасының у.м.а.
_____________________Ш.Ергөбек (Ғылыми кеңестің 30.04.2026 жылғы отырысының №10 хаттама шешімі)

# «7M02195 – ӨНЕРТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы
2026 ж.

1. **ӘЗІРЛЕНДІ**

Еспенова А.Т. – аға оқытушы, PhD докторы, «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі

Карабалаева Б.Р. – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

2. **ТАЛҚЫЛАНДЫ**

«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының отырысы
Хаттама № 9 «10» 04. 2026 ж.

«Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі
Еспенова А.Т. аға оқытушы, PhD докторы ____________

3. **КЕЛІСІЛДІ**

Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор ____________ Халыков К.З.

Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы ______________ Кульшанова А.А.

Магистратура бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білім берудің осыған дейінгі деңгейі (бакалавриат) бағдарламасының көлеміне сай құрастырылған.

«Өнертану» білім беру бағдарламасы магистратураға қабылдау келесі бағыттар бойынша білім алғандарға рұқсат етіледі:
5В041600 – Өнертану – Өнертану;
В024 – Музыкатану және өнертану (5В040100 –Музыкатану, 5В041600 – Өнертану);
6В02150 – Өнертану
В039 – Мәдениеттану (5В020400 – Мәдениеттану);
В042 – Журналистика және репортаждық жұмыс (5В050400 – Журналистика);
В031 – Мода, интерьер дизайны және өндірістік дизайн (5В041700 – Сәндік өнер, 5В042300 – Арт–менеджмент, 5В042100 – Дизайн);
В039 – Мәдениеттану (5В020400 – Мәдениеттану);
В030 Бейнелеу өнері;
6В02135 – Кескіндеме (Станокті кескіндеме).
6В02136 – Кескіндеме (Станокті кескіндеме, монументалды кескіндеме).
6В02185 – Кескіндеме.
В030 Бейнелеу өнері;
5В041400, 6В02187 – Графика.
5В041500, 6В02186 – Мүсін.
5В041700, 6В02188 – Сәндік-қолданбалы өнер.
5В041000, 6В02193 – Сценография.

**Артықшылық беріледі:**

- бейін бойынша кәсіби немесе ғылыми–педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар тұлғаларға;
- бейіні бойынша ғылыми жарияланымдары бар, ғылыми–зерттеу жұмыстары конкурстарының жүлдегерлері мен лауреаттарына;
- бейін бойынша маңызды шығармашылық жобалардың авторларына, халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жүлдегерлері мен лауреаттарына;
- шетел тілін еркін немесе жоғары деңгейде меңгерген тұлғаларға.

Бейіндік бағыттағы магистратураға сұратылған бағыттың бейініне сәйкес 10 жылдан астам жұмыс өтілі бар, сондай–ақ олардың басшылығымен іске асырылған арт–жобалары бар, түрлі наградаларға ие болған тұлғалардан құжаттар қабылданады.

## I. 7M02195 – ӨНЕРТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

**1. Магистратураға түсушінің:**
**Түсінігі болу керек:**

- бейнелеу өнерінің өнердің басқа түрлерімен өзара байланысын, тарихи шындықтың, діни–философиялық көзқарастардың, эстетикалық ағымдардың бейнелеу өнерінің дамуына ықпалын;
- алған білімдерін қолдана алатын негізгі кәсіби қызмет бағыттарын;
- өнертанудың, соның ішінде бейнелеу өнерін зерттеудің әдіснамалық негіздерін, тарихи–теориялық талдау тәсілдерін және ғылыми–зерттеу әдістерін.

**Білу керек:**

- әлемдік және отандық бейнелеу өнерінің тарихын;
- бейнелеу өнерін зерттеудегі негізгі теориялық және әдіснамалық тәсілдерді;
- бейнелеу өнері тілінің, көркем образдың, композиция мен пластикалық шешімдердің өзіндік ерекшеліктерін;
- шығармашылық бағыттағы түрлі көркемдік мектептер мен бағыттардың теориялық негіздерін.

**Түсіну керек:**

- кәсіби мамандығы саласында теориялық білімін тиімді пайдалана білуді;
- тарихи, мәдени және әлеуметтік үдерістердің бейнелеу өнерінің дамуына ықпалын талдау мүмкіндігін;
- ғылыми мәселелерді тұжырымдау, гипотезалар әзірлеу және зерттеудің тиісті ғылыми әдістерін қолдану мүмкіндігін;
- әртүрлі ұлттық көркемөнер мектептеріне салыстырмалы талдау жүргізу мүмкіндігін;
- ғылыми мақалалар, рецензиялар, сын мақалалар мен академиялық мәтіндер жазу дағдыларын;
- пәнаралық зерттеу әдістерін түсіну және оларды өнертану саласында қолдану ерекшеліктерін;
- заманауи бейнелеу өнеріндегі жаңа тенденциялар мен көркемдік үдерістерді зерттеуде және кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыруда;
- өнертанудағы ғылыми тақырыптардың өзектілігін айқындау және оларды тәжірибеде жүзеге асыруда;
- бейнелеу өнері туындыларын талдаудың теориялық және әдістемелік тәсілдерін меңгеруде.

**Меңгеру керек:**

- бейнелеу өнерінің теориясы мен тарихы бойынша арнайы әдебиеттермен жұмыс істеуді;
- бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясын зерттеуде ғылыми әдістерді қолдануды;
- көркемөнер туындыларын эстетикалық және өнертанулық тұрғыдан талдауды;
- бейнелеу өнері мәдениетін кешенді талдау әдістерін;
- өнер мәселелері бойынша кәсіби пікірталас жүргізу дағдыларын.

**Құзыретті болу керек:**

- бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясын, негізгі теориялық тәсілдерді, көркемдік бағыттарды, заманауи тенденциялар мен ұлттық және әлемдік бейнелеу өнерінің маңызды өкілдерін терең меңгеруде;
- бейнелеу өнері туындыларын сыни тұрғыдан талдау және интерпретациялау, олардың көркемдік, стильдік, композициялық, техникалық және идеялық ерекшеліктерін бағалау барысында түрлі теориялық әдістерді қолдануда;
- тарихи, мәдени және әлеуметтік үдерістердің бейнелеу өнерінің дамуына ықпалын талдау мүмкіндігінде;
- ғылыми мәселелерді тұжырымдау, гипотезалар әзірлеу және зерттеудің тиісті ғылыми әдістерін қолдануда;
- әртүрлі ұлттық көркемөнер мектептері мен бағыттарына салыстырмалы талдау жүргізуде;
- рецензиялар, ғылыми мақалалар, сын еңбектері және академиялық жарияланымдар жазу дағдыларында;
- пәнаралық зерттеу әдістерін түсіну және оларды өнертану саласында қолдануда.

**2. Қабылдау емтиханына** «Магистратура мен PhD докторантураға қабылдау туралы Ережеге» сәйкес келесі емтихан түрлері кіреді:

- жазбаша эссе (ғылыми–педагогикалық бағыт);
- коллоквиум (бейіндік бағыт);
- реферат қорғау. Реферат өнертану бағыты бойынша құрылып, тізімде ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша алдын ала орындалады.

## II. ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ (ғылыми–педагогикалық бағыт)

Эссе тақырыбы

1 Концептуалды өнердегі идея мен визуалды форма арақатынасы: шығармашылық ойды репрезентациялаудың теориялық аспектілері

2 Социалистік реализмнің қазақ бейнелеу өнері мектебінің қалыптасуындағы тарихи–мәдени рөлі және көркемдік ерекшеліктері

3 Қазақ ою–өрнегінің тарихи–мәдени семантикасы және сәндік–қолданбалы өнердегі көркемдік ерекшеліктері

4 XX ғасырдың екінші жартысындағы өнердің трансформациясы: постмодернизм эстетикасының негізгі бағыттары

5 Цифрлық өнердегі дәстүрлі мәдени кодтар: ұлттық белгілер, архетиптер және ритуалдық бейнелердің трансформациясы

6 Жаңа заман кескіндемесіндегі адам бейнесінің көркемдік интерпретациясы және антропологиялық аспектілері

7 Бейнелеу өнері туындыларын заманауи мәдени контекстте интерпретациялау мәселелері

8 XX ғасыр өнеріндегі ready–made феномені: өнердегі бейнелілік қағидаларының трансформациясы

9 Қазақстандағы contemporary art: негізгі бағыттары, көркемдік стратегиялары және суретшілер шығармашылығы

10 Қазақстанның заманауи өнеріндегі түркі мифологиясы бейнелерінің семантикасы мен мәдени маңызы

11 Қазақстанның қазіргі заманғы бейнелеу өнеріндегі негізгі көркемдік үрдістер мен трансформациялық үдерістер

12 Қазақстанның ұлттық тарихын көркем интерпретациялаудағы монументалды мүсін өнерінің рөлі

13 1960–70 жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі ұлттық дәстүр мен әлемдік көркемдік ықпалдардың синтезі

14 1980–90 жылдардағы қазақ кескіндемесіндегі фольклорлық–мифологиялық образдардың көркемдік ерекшеліктері

15 Өнер психологиясы аспектісінде 1980–2000 жылдардағы Қазақстан ескіндемесі мен графикасын талдау

***Әдебиеттер тізімі***

1. Гомбрих, Э. Х. История искусства. – М.: Искусство, 1998. – 688 с.
2. Арнхейм, Р. Искусство и визуальное восприятие. – М.: Прогресс, 1974. – 392 с.

3. Панофский, Э. Смысл и толкование в изобразительном искусстве. – СПб.: Азбука, 1999. – 432 с.
4. Кандинский, В. В. О духовном в искусстве. – М.: Азбука, 2016. – 160 с.
5. Малевич, К. С. Супрематизм. Мир как беспредметность. – М.: Азбука, 2017. – 240 с.
6. Лиотар, Ж.–Ф. Состояние постмодерна. – М.: Институт экспериментальной социологии, 1998. – 160 с.
7. Беньямин, В. Произведение искусства в эпоху его технической воспроизводимости. – М.: Medium, 1996. – 112 с.
8. Есдаулетова, А. Қазақ бейнелеу өнерінің тарихы. – Алматы: Қазақ баспасы, 2012. – 320 б.
*9.* Қастеев, Ә. Шығармалар альбомы. – Алматы: Өнер, 2004. – 180 б.
10. Эко, У. Искусство и красота в средневековой эстетике. – М.: АСТ, 2005. – 256 с.
11. Диди–Юберман, Ж. Перед образом: Вопросы образа в искусстве. – М.: Ad Marginem, 2010. – 320 с.
12. Джеймисон, Ф. Постмодернизм, или Логика культуры позднего капитализма. – М.: Праксис, 2019. – 420 с.
13. Хабермас, Ю. Философский дискурс модерна. – М.: Весь мир, 2003. – 480 с.
*14.* Бурдьё, П. О телевидении и журналистике. – М.: Институт экспериментальной социологии, 2002. – 160 с.

## IV. ПӘНДЕРДІҢ АТАУЫ, ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР (бейіндік бағыт)

### 1 ПӘН. «ӨНЕР ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ»

***Бағдарлама мазмұны:***

**Тақырып 1.** Бейнелеу өнері теориясы мен өнертану ғылымы: пәндік аясы, негізгі ұғымдары
**Тақырып 2.** Өнер теориясы мен өнер тарихының өзара байланысы және әдіснамалық негіздері
**Тақырып 3.** Өнертанушы, өнер теоретигі және өнер тарихшысы мамандығының кәсіби ерекшеліктері
**Тақырып 4.** Бейнелеу өнерінің эстетика, философия және мәдениеттанумен байланысы
**Тақырып 5.** Бейнелеу өнерінің негізгі түрлері, жанрлары және көркемдік жүйесі
**Тақырып 6.** Бейнелеу өнері теориясының көркемдік практикамен және өнер тарихымен өзара ықпалы
**Тақырып 7.** Көркем бейненің қоғамдық сана мен мәдени кеңістікті

қалыптастырудағы рөлі
**Тақырып 8.** Көркем шығармаға жазбаша өнертанулық талдау: композиция, форма және мазмұн
**Тақырып 9.** Көркем шығарманы жанрлық және стильдік тұрғыдан талдау әдістері
**Тақырып 10.** Классикалық бейнелеу өнері туындыларын талдау және интерпретациялау
**Тақырып 11.** Заманауи бейнелеу өнері (модерн және contemporary art): теориялық және практикалық аспектілер
**Тақырып 12.** Көркем шығармаларды салыстырмалы талдау: сюжет және образ құрылымы
**Тақырып 13.** Бейнелеу өнеріндегі көркем образды салыстырмалы талдау: бейнелеу тәсілдері
**Тақырып 14.** Символ, аллегория және метафораны өнертанулық талдау әдістері
**Тақырып 15.** Өнертанулық ғылыми шолу және аналитикалық мақала жазу практикасы

***Емтихан сұрақтары***

1. Өнер теориясы мен өнертану ғылымының қалыптасуы және оның негізгі зерттеу объектісі
2. Өнер теориясы мен өнер тарихының өзара байланысы және ғылыми–әдіснамалық негіздері
3. Өнертанушы, өнер теоретигі және өнер тарихшысы мамандығының кәсіби ерекшеліктері
4. Бейнелеу өнерінің эстетика, философия және мәдениеттану ғылымдарымен байланысы
5. Бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары және көркемдік жүйесінің құрылымы
6. Өнер теориясының көркемдік практика мен өнер тарихына ықпалы
7. Бейнелеу өнерінің қоғамдық сана мен мәдени кеңістікті қалыптастырудағы рөлі
8. Көркем шығарманы жазбаша өнертанулық талдаудың негізгі принциптері (композиция, форма, мазмұн)
9. Көркем шығарманы жанрлық және стильдік тұрғыдан талдау әдістері
10. Классикалық бейнелеу өнері туындыларын интерпретациялау және талдау
11. Заманауи бейнелеу өнері: modern art және contemporary art ұғымдарының теориялық негіздері
12. Бейнелеу өнеріндегі сюжет пен образ құрылымын салыстырмалы талдау
13. Бейнелеу өнеріндегі көркем бейнені салыстырмалы талдау әдістері
14. Символ, аллегория және метафораның өнертанудағы түсіндірмелік қызметі
15. Өнертанулық ғылыми шолу және аналитикалық мақала жазу әдістемесі

16. Өнер тарихындағы негізгі стильдер мен бағыттардың қалыптасуы және эволюциясы
17. Бейнелеу өнері теориясының даму кезеңдері және негізгі ғылыми мектептер
18. Өнерді талдаудың негізгі әдіснамалық тәсілдері (семиотикалық, формалистік, иконографиялық)
19. Өнер және қоғам: мәдени–әлеуметтік контекст пен көркемдік процесс
20. Көркем шығарманың тарихи және мәдени контекстін талдау
21. Өнердегі адам бейнесінің эволюциясы және антропологиялық интерпретация
22. Қазақстан бейнелеу өнерінің қалыптасуы және даму кезеңдері
23. Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнеріндегі негізгі бағыттар мен тенденциялар
24. Өнердегі психоаналитикалық және символдық интерпретация мәселелері
25. Бейнелеу өнеріндегі пәнаралық зерттеулер және қазіргі өнертану бағыттары
26. Көркем мұраны сақтау, зерттеу және интерпретациялау мәселелері
27. Қазіргі бейнелеу өнеріндегі жаңа визуалды стратегиялар
28. Өнер теориясындағы образ, форма және мазмұн категориялары
29. Бейнелеу өнеріндегі көркем тілдің ерекшелігі және визуалды коммуникация
30. Қазіргі өнер контекстінде дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы

***Әдебиеттер тізімі***

1. Гомбрих, Э. Х. История искусства. – М.: Искусство, 1998. – 688 с.
2. Арнхейм, Р. Искусство и визуальное восприятие. – М.: Прогресс, 1974. – 392 с.
3. Панофский, Э. Смысл и толкование в изобразительном искусстве. – СПб.: Азбука, 1999. – 432 с.
4. Вёльфлин, Г. Основные понятия истории искусства. – М.: Искусство, 2004. – 304 с.
5. Ригль, А. Позднеримское художественное производство. – М.: Искусство, 2002. – 256 с.
6. Леви–Стросс, К. Первобытное мышление. – М.: Республика, 1994. – 400 с.
7. Беньямин, В. Произведение искусства в эпоху его технической воспроизводимости. – М.: Medium, 1996. – 112 с.
8. Лиотар, Ж.–Ф. Состояние постмодерна. – М.: Институт экспериментальной социологии, 1998. – 160 с.
9. Фуко, М. Слова и вещи. – М.: АСТ, 1994. – 480 с.
10. Эко, У. Отсутствующая структура. – СПб.: Symposium, 2004. – 544 с.
11. Кандинский, В. В. О духовном в искусстве. – М.: Азбука, 2016. – 160 с.
12. Малевич, К. С. Супрематизм. Мир как беспредметность. – М.: Азбука, 2017. – 240 с.
13. Гройс, Б. Искусство утопии. – М.: Ad Marginem, 2013. – 256 с.
14. Гущин. Происхождение искусства. – М., 1937.

15. Тайлор Э.Б. Первобытная культура. – М., 1989.
16. Леви–Строс. Первобытное мышление. – М., 1994.
17. Мифы народов мира. В 2–х томах. – М., 1982.
18. Тяжелов В. Сопоцинский О. Малая история искусств. Искусство средних веков. – М.: Искусство, 1975.
19. История искусства зарубежных стран в 3–х томах. – М., 1980.
20. История зарубежного искусства.Уч. – М.: ИЗО,1980. – 472 с.

## 2 ПӘН «ӘЛЕМ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ»

*Бағдарлама мазмұны*

**Тақырып 1.** Әлемдік бейнелеу өнері тарихы: пәні, мақсаты, негізгі ұғымдары және әдіснамасы
**Тақырып 2.** Алғашқы қауым өнері: мифологиялық сана және алғашқы визуалды формалар
**Тақырып 3.** Ежелгі өркениеттер өнері: Мысыр, Месопотамия және антикалық Шығыс
**Тақырып 4.** Антикалық Грекия өнері: эстетикалық идеал, пропорция және гармония
**Тақырып 5.** Ежелгі Рим өнері: реализм, портрет және империялық идеология
**Тақырып 6.** Орта ғасыр өнері: христиандық символизм және иконография
**Тақырып 7.** Византия өнері және икон жазу дәстүрі
**Тақырып 8.** Романдық және готикалық өнер: кеңістік, сәулет және рухани экспрессия
**Тақырып 9.** Қайта өрлеу дәуірі: гуманизм және көркемдік ойлау революциясы
**Тақырып 10.** Барокко, рококо және классицизм: XVII–XVIII ғасыр эстетикасы
**Тақырып 11.** XIX ғасыр өнері: романтизм, реализм және импрессионизм
**Тақырып 12.** Постимпрессионизм және модернизмнің қалыптасуы
**Тақырып 13.** XX ғасыр авангарды: кубизм, экспрессионизм, футуризм
**Тақырып 14.** Абстракционизм, сюрреализм және концептуалды өнер
**Тақырып 15.** Постмодернизм, contemporary art және цифрлық өнер

*Емтихан сұрақтары*

1. Әлемдік бейнелеу өнері тарихының пәндік ерекшелігі және зерттеу әдістері
2. Алғашқы қауым өнерінің пайда болуы және оның символдық мәні
3. Ежелгі Мысыр өнерінің канондық жүйесі
4. Месопотамия өнеріндегі бейнелеу дәстүрлері
5. Антикалық Грекия өнерінің эстетикалық идеалы

6. Ежелгі Рим өнеріндегі реализм және портрет өнері
7. Орта ғасыр өнеріндегі христиандық символизм
8. Византия иконографиясының ерекшелігі
9. Романдық және готикалық өнердің салыстырмалы талдауы
10. Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманизм және өнер
11. Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рафаэль шығармашылығы
12. Барокко өнерінің көркемдік ерекшеліктері
13. Рококо эстетикасы және сарай мәдениеті
14. Классицизмнің теориялық негіздері
15. XIX ғасыр өнеріндегі стильдік трансформациялар
16. Романтизм және реализмнің салыстырмалы сипаты
17. Импрессионизмнің көркемдік жаңалығы
18. Постимпрессионизм және модернизмге өту кезеңі
19. XX ғасыр өнеріндегі авангардтың қалыптасуы
20. Кубизм және оның көркемдік құрылымы
21. Экспрессионизм және эмоционалдық бейне
22. Футуризм және өнердегі қозғалыс идеясы
23. Абстракционизмнің негізгі бағыттары
24. Сюрреализм және бейсаналық бейнелер теориясы
25. Концептуалды өнердің негізгі принциптері
26. Постмодернизм және мәдени плюрализм
27. Contemporary art ұғымы және негізгі формалары
28. Инсталляция және перформанс өнері
29. Цифрлық өнер және жаңа медиа эстетикасы
30. Жаһандану дәуіріндегі әлемдік бейнелеу өнерінің дамуы

***Әдебиеттер тізімі***

1. Гомбрих, Э. Х. История искусства. — М.: Искусство, 1998. — 688 с.
2. Арнхейм, Р. Искусство и визуальное восприятие. — М.: Прогресс, 1974. — 392 с.
3. Панофский, Э. Смысл и толкование в изобразительном искусстве. — СПб.: Азбука, 1999. — 432 с.
4. Вёльфлин, Г. Основные понятия истории искусства. — М.: Искусство, 2004. — 304 с.
5. Ригль, А. Позднеримское художественное производство. — М.: Искусство, 2002. — 256 с.
6. Леви–Стросс, К. Первобытное мышление. — М.: Республика, 1994. — 400 с.
7. Беньямин, В. Произведение искусства в эпоху его технической воспроизводимости. — М.: Medium, 1996. — 112 с.
8. Лиотар, Ж.–Ф. Состояние постмодерна. — М.: Институт экспериментальной социологии, 1998. — 160 с.

9. Фуко, М. Слова и вещи. — М.: АСТ, 1994. — 480 с.
10. Эко, У. Отсутствующая структура. — СПб.: Symposium, 2004. — 544 с.
11. Кандинский, В. В. О духовном в искусстве. — М.: Азбука, 2016. — 160 с.
12. Малевич, К. С. Супрематизм. Мир как беспредметность. — М.: Азбука, 2017. — 240 с.
13. Бергер, Дж. Искусство видеть. — М.: Классика XXI, 2012. — 216 с.
14. Хайдеггер, М. Исток художественного произведения. — М.: Академический проект, 2007. — 256 с.
15. Диди–Юберман, Ж. Перед образом. — М.: Ad Marginem, 2010. — 320 с.
16. Кларк, Т. Живопись модернизма. — М.: Новое литературное обозрение, 2011. — 480 с.
17. Нуртазина, Г. Современное искусство Казахстана. — Алматы: Өнер, 2015. — 240 с.
18. Қастеев, Ә. Шығармалар альбомы. — Алматы: Өнер, 2004. — 180 б.
19. Гройс, Б. Искусство утопии. — М.: Ad Marginem, 2013. — 256 с.

## 3 ПӘН. «ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ»

***Пәннің мазмұны***

**Тақырып 1.** Қазақстан бейнелеу өнері тарихы: пәні, әдіснамасы және негізгі зерттеу бағыттары
**Тақырып 2.** Дәстүрлі қазақ өнері және көркемдік ойлау жүйесі
**Тақырып 3.** Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу алғышарттары (XIX–XX ғ. басы)
**Тақырып 4.** Қазақ ою–өрнегі және дәстүрлі бейнелеу мәдениеті
**Тақырып 5.** Кеңестік кезеңдегі қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасуы
**Тақырып 6.** Социалистік реализм және оның қазақ өнеріне ықпалы
**Тақырып 7.** Қазақ кәсіби кескіндеме мектебінің қалыптасуы
**Тақырып 8.** Әбілхан Қастеев шығармашылығы және ұлттық реализм
**Тақырып 9.** 1960–70 жж. қазақ кескіндемесіндегі көркемдік ізденістер
**Тақырып 10.** 1980–90 жж. қазақ бейнелеу өнеріндегі фольклорлық–мифологиялық бағыттар
**Тақырып 11.** Тәуелсіздік кезеңіндегі бейнелеу өнерінің дамуы
**Тақырып 12.** Contemporary art: Қазақстандағы жаңа көркемдік бағыттар
**Тақырып 13.** Қазақстан графика және мүсін өнерінің дамуы
**Тақырып 14.** Қазіргі қазақ кескіндемесіндегі ұлттық идентичность
**Тақырып 15.** Қазақстан бейнелеу өнерінің қазіргі даму тенденциялары

***Емтихан сұрақтары***

1. Қазақстан бейнелеу өнері тарихының пәндік–әдіснамалық негіздері және зерттеу парадигмалары
2. Дәстүрлі қазақ өнерінің көркемдік жүйесі және оның семиотикалық табиғаты
3. Қазақ ою–өрнегінің символдық құрылымы және мәдени код ретіндегі қызметі
4. Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу кезеңдері: тарихи–мәдени талдау
5. XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басындағы қазақ көркем мәдениетінің эволюциясы
6. Кеңестік кезеңдегі қазақ бейнелеу өнерінің институционалдық дамуы
7. Социалистік реализмнің қазақ кескіндемесіне эстетикалық және идеологиялық ықпалы
8. Қазақ кәсіби бейнелеу өнері мектебінің қалыптасу ерекшеліктері
9. Әбілхан Қастеев шығармашылығы және ұлттық реализм концепциясы
10. 1960–70 жылдардағы қазақ кескіндемесіндегі стильдік және концептуалдық ізденістер
11. 1980–90 жылдардағы қазақ бейнелеу өнеріндегі фольклорлық–мифологиялық дискурс
12. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ бейнелеу өнерінің трансформациясы
13. Contemporary art феномені және Қазақстандағы көрінісі
14. Қазақ бейнелеу өнеріндегі ұлттық идентичность мәселесі
15. Қазақстан графика және мүсін өнерінің даму ерекшеліктері
16. Монументалды өнердің тарихи жадыны қалыптастырудағы рөлі
17. Қазіргі қазақ кескіндемесіндегі көркемдік тіл мен форма эволюциясы
18. Қазақстан бейнелеу өнеріндегі реализм, модернизм және постмодернизм үрдістері
19. Қазіргі қазақ өнеріндегі визуалды мәдениет және жаһандану үдерістері
20. Қазақстан бейнелеу өнерінің қазіргі даму тенденциялары және перспективалары
21. Қазақстан бейнелеу өнеріндегі ұлттық дәстүр мен әлемдік көркемдік үрдістердің өзара ықпалы.
22. Қазақ бейнелеу өнеріндегі мифологиялық және архетиптік образдардың көркемдік интерпретациясы.
23. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы тарихи тақырыптардың бейнеленуі.
24. Қазақстанның заманауи өнеріндегі мәдени жады және тарихи репрезентация мәселелері.
25. Қазақ бейнелеу өнеріндегі әйел бейнесінің эволюциясы және гендерлік аспектілері.
26. Қазақстанның заманауи визуалды мәдениетіндегі ұлттық код және мәдени

сәйкестік мәселелері.

27. Қазақстан бейнелеу өнеріндегі символизм және оның көркемдік ерекшеліктері.
28. Тәуелсіздік кезеңіндегі монументалды өнердің негізгі бағыттары және қоғамдық маңызы.
29. Қазақстанның заманауи өнеріндегі цифрлық технологиялар мен жаңа медиа құралдарының қолданылуы.
30. Қазақстан бейнелеу өнерін зерттеудегі заманауи ғылыми әдістер мен пәнаралық тәсілдер.

***Әдебиеттер тізімі***

1. Барманкулова Б. Мастера изобразительного искусство Казахстана А.Кастеев. – Алматы: Өнер. – 1986 ж.
2. Қарғабекова Р., Жұбаниязова Г. Бейнелеу өнерінің тарихы: оқуқұрал, 2004.
3. Между прошлым и будущим. Археология актуальности: Каталог выставки. Ред. Ю. Сорокиной. – Алматы, 2011. – 270 с.
4. Художественный Журнал // http://xz.gif.ru/
5. Центрально–Азиатский Искусствоведческий Журнал // http://cajas.kz/
6. Дигитальный Архив/ресурс современного искусства ЦентральнойАзии // http://astralnomads.net/
7. Гомбрих, Э. Х. История искусства. — М.: Искусство, 1998. — 688 с.
8. Арнхейм, Р. Искусство и визуальное восприятие. — М.: Прогресс, 1974. — 392 с.
9. Панофский, Э. Смысл и толкование в изобразительном искусстве. — СПб.: Азбука, 1999. — 432 с.
10. Вёльфлин, Г. Основные понятия истории искусства. — М.: Искусство, 2004. — 304 с.
11. Ригль, А. Позднеримское художественное производство. — М.: Искусство, 2002. — 256 с.
12. Леви–Стросс, К. Первобытное мышление. — М.: Республика, 1994. — 400 с.
13. Беньямин, В. Произведение искусства в эпоху его технической воспроизводимости. — М.: Medium, 1996. — 112 с.
14. Лиотар, Ж.–Ф. Состояние постмодерна. — М.: Институт экспериментальной социологии, 1998. — 160 с.
15. Фуко, М. Слова и вещи. — М.: АСТ, 1994. — 480 с.
16. Эко, У. Отсутствующая структура. — СПб.: Symposium, 2004. — 544 с.

# 1. РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ

***Ғылыми жұмыстарға арналған тақырыптар тізімі***

1. Қазақстан бейнелеу өнерінің қазіргі даму тенденциялары (XX–XXI ғасырлар тоғысы): көркемдік және институционалдық трансформациялар
2. Қазақстан бейнелеу өнеріндегі абстракционизм: эволюциясы және заманауи архитектуралық–дизайндық практикаға ықпалы
3. XX–XXI ғасырлар тоғысындағы қазақ киіз өнері: дәстүр мен заманауи көркемдік интерпретациялар
4. Қазақстанның қазіргі кескіндемесіндегі кеңістік пен уақыт категорияларының көркемдік репрезентациясы
5. Қазақстанның заманауи кітап графикасы: цифрлық технологиялардың көркемдік трансформацияға әсері
6. Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан бейнелеу өнері: даму үрдістері, жаңа бағыттар және перспективалар
7. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі акционизм: көркемдік стратегиялар және әлеуметтік–политикалық контекст
8. Қазақстандағы қоғамдық ғимараттар интерьер дизайны: тарихи эволюция және көркемдік типология
9. Тәуелсіз Қазақстан өнеріндегі постмодерн феномені: теориялық негіздері және көркемдік тәжірибелер
10. Кәсіби мүсін өнеріндегі түркілік мотивтердің заманауи көркемдік практикадағы трансформациясы
11. Қазақстандағы contemporary art: институционалдық даму және халықаралық интеграция
12. Цифрлық өнер және жасанды интеллект: Қазақстан суретшілерінің жаңа визуалды стратегиялары
13. NFT–арт және жаңа медиа өнері: Қазақстандағы көркемдік нарық трансформациясы
14. Урбанистикалық өнер және street art: Қазақстан қалалық кеңістігіндегі визуалды өзгерістер
15. Экологиялық өнер (eco–art): Қазақстандағы табиғат пен өнер диалогы